

*Сыздықова Г.О.**ф.ғ.к., доцент,**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

## СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ВАЛЕНТТІЛІГІ

Қазақ тіліндегі сөз таптары теориясының жалпы мәселелері, оның ішінде сөз таптарының синтагматикалық аспектілері мен ондағы валенттіліктің орнын валенттіліктің тіл деңгейлерімен, тіркесімділікпен арақатынасына байланысты қарастыру тіл ғылымындағы аса маңызды әрі өзекті мәселелердің қатарынан орын алады. Жалпы қазақ тілінің семантикасы, сөз таптарының арасындағы тіркесімділік, мағыналық үйлесімділік және валенттілік қатынас туралы бірқатар маңызды мәселелер ғалым М. Оразовтың зерттеуінде жан-жақты қарастырылып, зерттеуші етістік сөз табы мен қалып етістіктерінің семантикалық сипатын анықтауда валенттілік пен тіркесімділік, сөз таптарының валенттілік байланыстағы актант сөзге қатысы, т.б. өзекті мәселелер бойынша нақты тұжырымдар жасады.

Тіл бірліктерін валенттілік теориясы тұрғысынан зерттеу бағытына сәйкес қазіргі кезде сөз таптарының теориясы мен әдістемесіне қатысты зерттеулерде де сөз таптарының валенттілік сипаты зерттеу нысанына алынып жүр. Оған М.Б.Әлиева, Д.А.Қарағойшиева, Н.Ж.Құрманова, Б.Әбдіғалиева, т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Мәселен, Д.А.Қарағойшиева «Етістіктердің семантикалық және синтаксистік валенттілігі (кес(у) – schneiden етістіктер материалы бойынша)» (Алматы, 2005) деп аталатын зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі кесу етістігін неміс тіліндегі балама етістікпен салғастыра талдау негізінде аталған етістіктердің семантикалық және синтаксистік табиғатын, валенттілік қолданыстағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін валенттілік теориясы тұрғысынан анықтайды. Ғалым «етістіктің валенттілігі дегеніміз - оның синтаксистік қасиеті, яғни етістіктің айналасына түрлі лексика-семантикалық топтағы сөздердің синтаксемалық жағынан топтасуы» [1,6] деп, кесу мағынасындағы етістіктердің валенттілігіндегі актанттардың *субъект, объект, инструмент, орын, нәтиже* тәрізді бес түрін бөліп көрсетеді.

Сөз таптарының валенттілігі грамматикалық және лексикалық семантика тұрғысынан қарастырылады. Валенттіліктің сөз таптарына қатысы мәселесінде, ғалымдар көбінесе етістіктің валенттілігі туралы сөз етеді. Соның негізінде валенттілік құбылысы етістік ұғымымен байланысты тек етістіктің грамматикалық белгілері, оның басқа сөз таптарымен арақатынасындағы валенттілік құрылымы тұрғысындағы сипатымен шектеледі. Соған карамастан бұл бағыттағы зерттеулерде сөз таптарының валенттілігі бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Валенттіліктің жалпы сөз таптарының жүйесінде зат есім, сын есім және үстеу сөздерге қатысы ғалым Ч.К. Найманованың «Әртүрлі жүйелі тілдердегі валенттілік пен тіркесімділіктің лингвистикалық сипаты» (Бішкек, 2006.) зерттеуінде ағылшын, орыс, қырғыз тілдері негізінде жан жақты қарастырылып, аталған сөз таптарының сөз тіркесі және сөйлем деңгейіндегі валенттілігі мен тіркесімділігінің тіл теориясы үшін бірқатар маңызды мәселелері анықталады. Ғалым «валенттіліктің жалпы сөз таптарындағы көрінісі, сөз таптарының валенттілік қабілеті, валенттіліктің тіл деңгейлеріндегі сипаты, т.с.с. мәселелер бойынша қазіргі кезге дейін лингвистер арасында ортақ пікірдің жоқтығына»[2,19] назар аудара отырып, валенттіліктің сөздердің барлық негізгі лексика-грамматикалық топтарына, яғни зат есім, сын есім, үстеу және етістікке тән болатындығын атап көрсетеді.

Сөз таптарының валенттілік қатынасы, валенттілік байланыстағы құрылымы мен қызметі, т.б. мәселелер қазақ тіл білімінде кеңірек зерттеуді қажет етеді. Соған сәйкес сөз таптарының семантикалық валенттілігін де тіл жүйесінде бір сөз табының басқа сөз таптарымен синтагмалық байланысы негізінде қарастыру қажет.

Сөз табының басқа сөз таптарымен тіркесімділігі тілдің белгілі бір заңдылықтарына сәйкес болады. Сол заңдылықтар арқылы басқа сөз таптарымен қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір сөз табының өзіндік қасиеттері анықталады. Сол қасиеттері мен өзіндік белгілерінің жиынтығы негізінде сөз таптары валенттілік сипатқа ие болады. Тіл білімінде сөз таптарының мұндай қасиеттері сол сөз табына тән бірқатар құрылымдар мен олардың орналасу тәртібі арқылы сипатталады. Сөз таптары қасиеттерінің жиынтығы ретінде танылатын валенттілік сөйлеу үдерісінде олардың белгілі бір үлгілер арқылы қалыптасқан тіркесімділігі, сондай-ақ сол

үлгілердің тіркесімі мен олардың сөйлеу тізбегіндегі жіктелу заңдылықтары негізінде анықталады. Сөз таптарының семантикалық валенттілігін анықтауда сөз таптары қатарындағы сөздердің мағынасы мен формасы негізге алынады. М. Оразов «сөйлем құрамына енген сөздер ... әрі грамматикалық категориялар арқылы байланысып белгілі бір грамматикалық формада тіркессе, әрі байланысқа түскен сөздер семантикалық жағынан да байланысады. Егер бұл екі байланыстың біреуі жоқ болса, не сөйлемдегі айтылатын ой толық жеткізілмейді, не мүлде түсініксіз бір нәрсе болып шығады» [3,194] деп, сөйлемдегі ойдың толық әрі түсінікті болуын ондағы сөздердің мағыналық және формалық жағынан өзара тығыз байланысымен түсіндіреді. Соның негізінде сөз таптарының семантикалық валенттілігін анықтауда сөздің мағынасы мен грамматикалық формасына, олардың сөйлемдегі байланысына баса назар аударады.

Сөз таптарының семантикалық валенттілігі сөз таптары құрамындағы сөздердің синтаксистік валенттілігін алдын ала белгілейді. Соның негізінде сөз таптары құрамындағы сөздер басқа сөз таптары қатарындағы белгілі бір сөздермен валенттілік байланысқа түседі. Әрине, семантикалық және синтаксистік валенттіліктердің арасындағы байланыс қаншалықты тығыз болғанымен, олар бір-бірін толық сипаттай алмайды. Бұл олардың арасындағы өзіндік ерекшеліктерді анықтауға негіз болады. Атап айтқанда, синтаксистік валенттілік сөз таптарының белгілі бір тобындағы сөздердің сол немесе басқа сөз таптары тобындағы сөздермен байланысу қабілеті ретінде қарастырылса, семантикалық валенттілік сөздердің белгілі бір семантикалық белгілерімен контексте оларды қоршаған басқа сөздермен семантикалық үйлесімділігі мен уәжділігі негізінде қолданылу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Валенттілік байланысты сөз таптары жүйесінде қарастыруда сөздерді таптастыру қағидаттары мен сөз таптарының тіркесімділік сипаты басты назарға алынады. Белгілі бір сөз табының семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері толығымен ескерілген жағдайда ғана олардың жалпы сипаты мен қасиеттерін жан-жақты анықтауға болады. Ч.К. Найманова сөздерді таптастырудың семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілерімен қатар валенттілі-тіркесімділік белгісін де таптастыру қағидатының төртінші түрі ретінде қарастыруды ұсынады. Ғалымның тұжырымдауынша, «сөз таптарының өзіне тән

модельдер мен құрылымы арқылы басқа сөз таптарымен әлеуетті тіркесімділігі, сондай-ақ осы қасиеттері мен ережелерінің сөйлеуде іске асуы, өзектелуі және олардың сөйлеу тізбегіндегі бөліну заңдылықтарын анықтау валенттілі-құрылымдық белгімен сипатталады» [2,13]. Бұл тұжырым, яғни сөз таптарының валенттілі-тіркесімділік белгілерін таптастырудың төртінші түрі ретінде алу қазақ тіліндегі сөз таптарының валенттілік құрылымы үшін де аса маңызды.

Сөз таптарының синтагматикалық қарым-қатынасындағы валенттілік байланысы олардың тіркесімділік мүмкіндіктері негізінде жүзеге асырылады. Кез келген сөз немесе сөз табы тіл жүйесінде, оның ішінде сөйлем мен сөйлеу үдерісінде басқа сөз не сөз таптарымен еркін тіркесімділікке түспейді. Белгілі бір сөздер көп жағдайда нақты бір лексикалық бірліктермен ғана қолданылса, басқа сөздермен мүлдем тіркеспеуі де мүмкін. М. Оразов: «...валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттардың арақатынасы барлық кезде бірізді бола бермейді. Салыстырыңыз: *ит үреді, жігіт үйленеді, түйе боздайды* т.б...» [3,201] деп, *ұру, үйлену, боздау* тәрізді етістіктердің мағыналық үйлесімділігі жағынан кез келген сөзбен тура мағынасында тіркесімге түспейтінін сөз таптары құрамындағы сөздердің арасындағы мағыналық үйлесімділіктің сәйкестігі немесе сәйкессіздігімен байланысты түсіндіреді. Сөз таптарының мұндай жағдайдағы қарым-қатынасы бірдей сипатта болмайды. Бірінші жағдай, яғни сөздің белгілі бір лексикалық бірліктермен қолданылуы оны лексикалық парадигманың мүшесі ретінде қарастыруға негіз болады. Ал кейбір лексикалық бірліктермен мүлдем тіркеспеуі жағдайында сөз белгілі бір тіркесімділік әлеуетінің түйіні ретінде валенттілік сипатқа ие болады.

Сөз таптарының валенттілігі – олардың тілдің бір сөз табының басқа сөз таптарымен байланысу заңдылықтарына сәйкес анықталатын қасиеттерінің жиынтығы. Сөз таптарының тіркесімділік қасиеттері әрбір сөз табына тән құрылымдар мен олардың орналасу тәртібі арқылы сипатталады. Соның негізінде сөз байланыстарының сандық шектелуі мен сөздердің семантикалық үйлесімділігінің сапалық шектелуінің ара жігі айқындалады. Сөз байланыстарының сандық шектелуі валенттілік теориясымен, ал олардың арасындағы семантикалық үйлесімділіктің сапалық шектелуі тіркесімділік құбылысымен түсіндіріледі.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының семантикалық валенттілігі сөз таптарының лексикалық тіркесімділігіндегі грамматикалық факторлардың негізінде ең алдымен сөз таптары құрылымдарының семантикалық қарым-қатынасынан көрінеді. Олардың арасындағы синтаксистік және лексикалық тіркесімділіктің тығыз байланысы сөз таптарының валенттілігін жүзеге асырады.

Сөз таптарының арасындағы семантикалық және грамматикалық сәйкестіктер олардың семантикалық валенттілігі мен тіркесімділігін грамматикалық, лексикалық және семантикалық факторлардың өзара бірлігі негізінде анықтайды. Сөз валенттілігі үшін бұл факторлар - аса маңызды әрі қажет. Оларды бір-бірінен бөліп қарауға немесе сөз таптарының валенттілігінде тек біреуін ғана негіз етіп алуға болмайды. Грамматикалық фактор сөздің белгілі бір лексика-грамматикалық категорияға (бір сөз табына.- Г.С.) енуімен, ал лексикалық фактор сол сөз табының басқа сөз табындағы семантикалық ұқсастығы бар сөздермен белгілі бір топқа бірігуімен анықталады. Семантикалық фактордың әсері әрбір сөздің өзіне тән жекелеген семантикалық ерекшеліктерімен сипатталады. Жалпы алғанда, сөз таптарының категориялық сипаты сөздің валенттілік және тіркесімділік қасиеттеріне белгілі бір дәрежеде ықпал етеді.

Семантикалық валенттілігі жағынан етістіктердің валенттілік сипаты анағұрлым кең. Есім сөз таптарымен салыстырғанда, етістіктердің валенттілік әлеуетінің кеңдігін аталған сөз табының сөйлемді ұйымдастырудағы белсенділігімен байланыстыруға болады. М. Оразов: «Егер түркі тілдеріндегі қай сөз табының баяндауыш болатындығы есепке алынса, онда ешқандай сөз табы етістіктің алдына түсе алмаған болар еді» [3,193] деген пікірін негізге алсақ, сөз таптарының валенттілігінде де есім сөз таптары «етістіктің алдына түсе алмайды».

Есім сөз таптарының ішінде зат есімдер мен сын есімдер де синтагматикалық қатынаста семантикалық валенттілігімен ерекшеленеді. Жалпы валенттілік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі есім сөз таптарының валенттілік құрылымы мен түрлерін ғылыми тұрғыда кеңірек зерттеу болып табылады. Бұған «шетел тілшілері болсын, совет тілшілері болсын, сөздердің валенттілік қасиетін анықтау үшін өздерінің пікіріне дәлел ретінде етістіктерді ғана алады да, есім сөздерге жол-жөнекей тоқталады» [3,193] деген пікір дәлел бола алады. Сондықтан, қазақ тіліндегі семантикалық валенттіліктің теориялық негіздері есім сөз

таптарының валенттілік құрылымын, валенттілік байланыстағы орны мен қызметін зерттеу нәтижесінде анықталады.

Сөз таптары жүйесінде зат есімдер, етістіктермен бірдей деңгейде болмаса да, басқа сөз таптарымен валенттілік қатынасқа түседі. Зат есімдердің валенттілік құрылымында сын есім, сан есім, есімдіктер актант сөз қызметінде қолданылады. Синтагманың грамматикалық және лексикалық мағынаға бірдей сүйенетіндігін ескерсек, зат есімдер грамматикалық жағынан валенттілік құрылымдағы өзекті сөз қызметінде өзіне бағыныңқы сөздің (актант) белгілі бір грамматикалық формада тұруын қажет етсе, семантикалық тұрғыдан өзімен тіркесімділік құрайтын сөзбен мағыналық үйлесімділіктің болуын талап етеді. Мысалы: *самал жел, қоңыр жел, салқын жел, қатты жел* тіркестеріндегі *жел* зат есімі семасының бағыныңқы сыңардағы сөздердің семаларымен мағыналық сабақтастығы олардың арасындағы валенттілік қатынасқа негіз болып тұр. Зат есімдердің валенттілік сипаты етістіктерден біршама төмен. Соған қарамастан сөз таптарының арасында зат есімдер мен етістіктердің валенттілік құрылымдағы өзекті сөздің қызметінде жұмсалыу қабілеті олардың валенттілік байланыстағы белсенділігін танытады. Бұл сөз таптарының валенттілік құрылымдағы өзекті сөз ретіндегі тіркесімділігі сөз топтары деңгейінде шектелмейді.

Сөз таптарының ішінде сын есімдер де валенттілік құрылымда өзекті сөз ретінде басқа сөздермен семантикалық валенттілік байланыста болады. Сын есімдердің валенттілік байланыстағы сыңарларымен семантикалық жағынан сәйкестігі олардың семантикалық валенттілігінің басты негізі болып табылады.

Қазақ тіліндегі семантикалық валенттіліктің сипаты сөз таптарының сөз тіркесі деңгейіндегі өзара тіркесімділігі негізінде түрліше анықталады. Соның негізінде семантикалық валенттіліктің тіл жүйесінде, оның ішінде сөз таптарының валенттілік байланысында бірдей сипатта болмайтындығын тұжырымдауға болады.

Сөз таптарының семантикалық валенттілігінде тіл нормасының да өзіндік орны бар. Кез келген сөздің басқа сөздермен мағыналық үйлесімділік негізінде байланысуы тіл нормасымен тікелей байланыста жүзеге асырылады. М. Оразовтың «...*іш* пен *же* етістіктері қоректенуді білдіреді. Бірақ қазақ тілінің нормасы бойынша *нанды ішті, суды жеді* тіркесі қолданылмайды. *Іш* те, *же* де сабақты етістіктер, сондықтан олардың табыс септікті тіркеп

колданылуы заңды» [3,194] деген пікірі семантикалық сипаты жағынан бір тақырыптық топқа кіретін (жоғарыда келтірілген етістіктер қоректену ұғымын білдіретін тақырыптық топқа жатады.- Г.С.) сөздердің басқа сөздермен тіркесу не тіркеспеуі тіл нормасының заңдылықтарынан тыс қала алмайтындығын көрсетеді. Норма – тілдің «туа біткен» қасиеттерінің бірі іспетті. Ол белгілі бір реттілік, жүйелілік құбылыс ретінде ауызекі сөйлеу тіліне де («халықтық тілге» де), әдеби тілдің ауызша қолданысына да, жазба тілге де тән [4,45]. Тіл нормасына тән жүйелілік пен реттілік тілдің барлық деңгейіндегі бірліктердің қолданысында орын алады. Солардың ішінде сөздердің тіркесімділігі де тілдік нормамен реттеледі. Тіл бірліктерінің жүйелі түрде белгілі бір реттілікпен қолданылуы сол қолданыстарға негіз болатын бірліктердің іріктелуі барысында жүзеге асырылады. Тілдік норма тіл білімінің барлық саласында көрініс табатындығы белгілі. Соның ішінде лексикалық нормалар да лексикалық бірліктердің арасындағы мағыналық байланыспен сипатталады. Р. Сыздық «...норманың күші, яғни қатаң сақталуға тиіс тұстары тілдің барлық қаттауында бірдей емес. Айталық, қазақ тілінде орфографиялық, грамматикалық, пунктуациялық нормалар (ережелер) қатаң сақталады, ал сөздерді таңдауда, жұмсауда норма заңдылықтарына біршама еркіндеу қараушылық байқалады» [4,53] деп, норманың лексика саласында сөздердің тіркесу тәртібінде қатаң ұстану қажеттігін айтады. Айталық, кейбір есім сөздер, етістіктер, көмекші есімдер тек қана немесе көбінесе жағымсыз мағына беретін сәттерде, енді біреулері жағымды мағына беруде тіркеседі: мысалы, *арқасында* көмекші есімі тек жағымды мағынада айтылатын тұста келеді: *табыстың арқасында, денсаулықтың арқасында, байлықтың арқасында, ал кемшіліктің, шығынның, сәтсіздіктің арқасында, науқастың арқасында, қайыршылықтың, кедейліктің, бейшаралықтың арқасында* деп айтылмайды [4,53]. Берілген мысалдардағы негізгі сөздердің көмекші сөзбен тіркесу я тіркеспеуін олардың мағыналық жағынан үйлесу немесе үйлеспеуімен байланысты түсіндіруге болады. Ал тіркесімділіктегі сөздердің валенттілік байланысы олардың мағыналық үйлесімділігі арқылы анықталады. Мағыналық жағынан сәйкестік, үйлесімділік болған жағдайда ғана сөздердің валенттілік құрылымы қалыптасады. Бұдан семантикалық валенттілік үшін мағыналық үйлесімділікті міндетті әрі шартты деп тұжырымдауға болады.

Валенттілік қасиеті сөз таптарының негізгі лексика-грамматикалық топтарының барлығына тән болып келеді. Олардың сөз таптары жүйесіндегі айырмашылығы көріну деңгейімен байланысты анықталады. Мәселен, сөз таптарының арасында валенттілік қатынасы жағынан етістіктер бірінші сатыда, зат есімдер мен сын есімдер және т.б. сөз таптары екінші сатыда тұрады. Сөз таптарының валенттілік байланысының мұндай иерархиясы олардың сөйлемдегі орнына байланысты анықталады. Басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістіктер сөйлемнің предикаттық негізі болса, зат есім, сын есімдер субъектілік және объектілік байланыс қызметінде қолданылады.

Бірақ зерттеушілер сияқты, Ғ. Хасанов та семантикалық валенттілікті «етістіктің басқа бірліктермен мағыналы байланысы» деп түсіндірсе [5,214], Д.А. Қарағойшиева етістіктің валенттілікте басыңқы сөз ретінде жұмсалудың «оның айналасына мейлінше көп сөздерді жалғап алу қабілетімен» байланыстырады [1,8]. Бұл тұжырымдардан семантикалық валенттіліктің сөз таптарымен арақатынасы мәселесінің көп жағдайда етістікпен байланысты түсіндірілетіні көрінеді. Сондықтан етістіктен басқа сөз таптары да, етістікпен тең дәрежеде болмаса да, белгілі бір деңгейде өзара валенттілік сипатымен ерекшеленеді. Валенттіліктің етістік сөз табына қатысты түсіндірілуі, етістіктің валенттілік құрылымның негізі ретінде танылуы валенттілік құбылысының етістік семантикасымен байланысты қалыптасу кезеңіне қатысты.

Сөз таптарының валенттілік сипатында олардың тіркесімділік құрамындағы грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері, яғни семантикалық валенттіліктері синтаксистік валенттілікпен өзара тығыз бірлікте қарастырылады. Жалпы сөздердің валенттілік сипаты ең алдымен олардың белгілі бір сөз табына тән, сол сөз табының құрамына кіруімен белгіленеді. Сөз таптарының құрамындағы сөздердің валенттілігі жалпылық сипатта немесе сөз табының белгілі бір тобына ғана тән болуы мүмкін.

Сонымен қазақ тіліндегі сөз таптары өзара лексика-семантикалық, грамматикалық белгілерімен қатар валенттіліктің тіркесімділігі тұрғысынан да өзара ерекшеленеді. Сөз таптарының валенттілік құрылымын олардың тіркесімділік сипатымен байланыстыра зерттеу нәтижесі валенттілік көлемін сөз таптары арқылы алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан сөз таптарының семантикалық валенттілігі сөз таптары құрамындағы

әрбір сөздің өзіне тән жеке семантикалық ерекшеліктері арқылы анықталады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қарағойшиева Д.А. Етістіктердің семантикалық және синтаксистік валенттілігі (кес(y) – schneiden етістіктер материалы бойынша). Автореферат.- Алматы,2005.
2. Найманова Ч.К. Лингвистический статус валентности и сочетаемости в разносистемных языках.-Бишкек,2006.
3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.-Алматы:Рауан,1991.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана:Елорда,2001.
5. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. Докт. дисс. қолжазбасы.-Алматы,2009.

\*\*\*

*Общие проблемы теории частей речи, особенности синтагматических отношений и валентности частей речи являются одним из актуальных вопросов языкознания. В статье рассматриваются семантическая валентность частей речи, отношение принципов классификаций частей речи к валентности.*

\*\*\*

*General problems of parts of speech theory, peculiarities of syntagmatic relations and parts of speech valency are one the actual issues of linguistics. Semantic parts of speech valency, relations of principles of parts of speech classifications to valency are considered in this article.*

ӘОЖ 821.512.122-1:82.09

*Үсенова А.Ә.*

**МАҒЖАН МЕН СӘКЕН ӨЛЕҢДЕРІ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ  
ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

Абай мен Шәкәрімнен кейін өлең құрылымындағы жаңа леп акындар Мағжан мен Сәкен шығармашылығынан, олардың төңірегіне топтасқан акындар тобынан көрінеді. Бұл кезең - қазақ тарихы мен қоғамындағы бетбұрыс кезеңдері. Ол туралы жазушы Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» атты мақаласында мынадай жолдар беріледі: «1905 жылғы өзгерістен былай қазақтың камын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады...Қазақтың жақсы болам деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да қосылды» [1,405]. «Большевиктер билік басына келіп, орыс отаршылдығының кеңестік кезеңі кіргеннен кейін қазақтың